

## Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеудің және саралаудың маңызы

Садыкова Гаухар Кайрдолдиновна  
"Үлкен Нарын ауылдық лицейі" КММ  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Адамның тіршілік әрекеті көптеген факторларға тәуелді: білімділік (қабылдайтын, өңделетін материал көлемі), психологиялық (уәж, оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері), педагогикалық (әдіс-тәсілдерді таңдау), эмоциялық (алаңдаушылық деңгейі), адамгершілік (бірмәнді, нақты, анық, қатаң, икемді тәсілдер), т.б. Бағалау үдерісінде барлық факторлар бір-бірімен байланысты болып, бірін-бірі толықтырады. Бағалау оқу үрдісінің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Білімділік немесе педагогикалық факторларды ғана жеке бағалауға болмайды, себебі басқа факторлар да оқу нәтижелеріне немесе бағалауға әсер ете алады. Баға оқушылардың білім, білік-дағдыларын әртүрлі критерийлер бойынша бағалау нәтижелерінен құралады, мысалы, зерделенетін материалдың көлемі, осы материалды түсіну және қолдану, материалды пәннің талабына сәйкес рәсімдеу, материал бойынша жазу жұмысына берілген уақытты пайдалана білу, т.б. Мұғалімдердің тәжірибесі бағалауға арналған тапсырмаларды саралау, бағалаудың тиімді құралдары мен әдіс-тәсілдерін қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, өзінің даму бағытын анықтауына оң әсер ететінін көрсетеді. бағалауға арналған тапсырманың мазмұнына төмендегідей талаптар қояды:

- тапсырманы орындауға берілетін уақытты дұрыс белгілеу;

- тиімді жұмыс көлемін ұтымды анықтау;

- оқуға және жазуға берілетін уақытты есептеу;

Тапсырманың мазмұнына қойылатын кейбір талаптардың сандық мөлшерін

бағалауға арналған тапсырма мазмұнын әзірлеу талаптарының бірінші кезеңі жеке көзқарас пен тосын анықтамаларға (жоғары талап, орташа талап және төмен талап) негізделеді.

Ал бағалау дұрыс болу үшін бағалауға арналған тапсырма сапалы болу керек.

Критериалды бағалау жүйесінде ағымдағы бағалау тапсырмаларының бөлім бойынша қамтылған оқу мақсатындағы нақты бір дағдыны тексеру үшін, қорытынды бағалау тапсырмаларының тоқсан соңында белгіленген оқу мақсаттарына сәйкес жүргізіледі.

Мұғалім өзінің әрбір әзірлеген тапсырмасын сараптау кезінде «Менің әзірлеген тапсырмам белгіленген бағалау критерийлері арқылы оқушылардың оқудағы жетістіктерін анықтай ала ма?» -деген

сұрақ төңірегінде ойланады. Себебі, мұғалімнің тапсырмасынан күтілетін нәтиже оқу мақсатының орындалуының өлшемі болып табылады. Тапсырма әзірлеу барысында неге назар аудару керек?

Білім алушылар үшін жақсы практикалық тапсырма құрастыру – жай ғана техникалық жүзеге асыру емес, ол түсіну мәселесі, себебі олар алған білімін тәжірибеде қолданатын болады.

Тапсырма әзірлеу кезеңдері

Кезеңдердің сипаттамасы	
Жоспарлау	Бағалауға арналған тапсырманы әзірлеу мақсаты мен міндеттерін айқындау, қажетті құжаттарды жинақтау
Құрастыру	Оқу бағдарламасын, спецификаны қолдану, бағалау критерийлерін белгілеу, тапсырма құрастыру
Сараптама жасау	Тапсырманың сапасын талдау, материалды қайта қарау, өзгерту енгізу
Қолдану	Тапсырманы белгіленген уақыт пен жағдайға сәйкес қолдану
Талдау	Нәтижеге шолу жасау, кері байланысты ескеру, өзгерту енгізу

Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу Танымдық саладағы оқу мақсаттарының жіктелімі (Блум таксономиясы) бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау үдерісінде кеңінен қолданылады. Бастапқы және түзетілген Блум таксономиясы оқуды күрделілік деңгейінің өсуі бойынша алты танымдық деңгейге бөледі. Әрбір жоғары деңгей алдыңғы деңгейде меңгерген дағдыларға негізделеді. Оқу мақсаттарын Блум таксономиясы бойынша жіктеуде бағалау критерийлерін құруда мұғалім басшылыққа алатын зат есім мен етістіктерді дұрыс қолдану маңызды. Етістік таңдаған танымдық санатқа (деңгейге), ал зат есім оқушының меңгеріп, көрсетуі тиіс тапсырманың түріне бағытталған болуы керек. Төменде көрсетілген кестелерде күрделілік деңгейінің өсуіне сәйкес танымдық үдерістің мазмұны көрсетілген Бағалау қағидаттары

Критериалды бағалау келесі қағидаттарға негізделеді:

- Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Оқыту барысында мұғалім пәннің оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарын басшылыққа алады. Оқу мақсаттары сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер тұрғысында анықталған: білік немесе дағды, білу немесе түсіну. Оқу бағдарламасының әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары бөлімше аясында оқушылардың қаншалықты алға ілгерілегенін көрсетеді, олар мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушыларды бағалап, оларға оқудың келесі кезеңі туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

- Шынайылық, анықтық және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлер мен құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділік бар. Объективтілік, анықтық, валидтілік жиынтығы бағалаудың сапасын анықтайды.

Валидтілік бағалау үдерісінің нақты әрекетін көрсетеді. Күтілетін нәтижеге жету үшін бағалау әдісінің дұрыс тандалғанына қалай көз жеткізуге болады? Ол үшін оқушының қажетті білім, білік-дағдылар мен құндылықтарды меңгергенін көрсете алатын дәл/жеткілікті бағалау құралын, яғни бағалауға арналған тапсырма немесе жаттығуды таңдау қажет.

- Ашықтық және нақтылық. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.

Бағалау критерийлері мен әдістерін белгілеуге, бағалау үдерісіне оқушылардың өздерін де қатыстыру керек. Мұндай ұстаным бағалауды оқушылар үшін өзіне түсінікті, демократиялық және әділ үдеріске айналдырады.

- Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады. Пән бойынша білім мен дағдыларды айқындау қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау арқылы қамтамасыз етіледі.

- Дамытуға бағыттылық. Бағалау білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады. Бағалау білім алушылардың қандай білім мен дағдыларды меңгергені туралы ақпараттарға талдау жасауға және жинақтауға негізделген білім беру үдерісінің алдағы уақыттағы қадамдары туралы негізгі шешімді қабылдауына мүмкіндік береді.

Тапсырмалардың түрлері

Оқу мақсаттарының негізінде тиімді және мәнді практикалық тапсырма әзірленеді. Тапсырма жабық түрдегі немесе ашық түрдегі тапсырма (жабық

тапсырма, ашық тапсырма) болуы мүмкін. Тапсырманың әр түрі нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және өзекті болып саналады. Мұндай тапсырманы құрастыру оңай және олар оқушылардың түсінуіне де жеңіл. Бұр бір дидактикалық материал негізінде сандық және сапалық сипаттамалары әртүрлі бірнеше тапсырма дайындауға мүмкіндік береді.

Тұжырымның шындық/жалған екенін анықтау тапсырмасы

«Шындық/Жалған» тапсырмасы – бұл тұжырым түрінде берілетін жабық тапсырма, оқушылар берілген тұжырымның ақиқат немесе жалған екенін анықтауы қажет. Басқаша айтқанда, әр сұрақтың тек екі мүмкін жауабы болады, оқушы сол екеуінің біреуін таңдайды. Мұндай тапсырмалар білу және түсіну дағдысын тексеруге қолайлы. Салыстыру және сәйкестендіру тапсырмасы

Сәйкестендіруге қатысты сұрақтар оқиға, мерзім, атаулар мен оқиға болған жерлерді білу маңызды болып саналатын жағдайда білімді тексерудің барынша тиімді тәсілі болып табылады. Сәйкестендіру тапсырмалары көптеп жасалған эксперименттерді, олардың нәтижелерін, арнайы терминдер мен анықтамаларды есте сақтауды қажет ететін жаратылыстану ғылымында да қолдануға ыңғайлы. Сәйкестендіру түрлері:

- 1) Терминдерді олардың анықтамасымен сәйкестендіру;
- 2) Бір-бірімен байланысты фразаларды сәйкестендіру;
- 3) Себебі мен салдарын сәйкестендіру;
- 4) Өлшем бірлікті басқа өлшем бірлігімен сәйкестендіру;
- 5) Есепті оның шешімімен (жауабымен) сәйкестендіру

Көп таңдауы бар тапсырмалар

Көп таңдауы бар тапсырма – оқушының жауабы ұсынылған тізімнің көлемінде шектелген, дәйекті жауабы берілген сұрақ түріндегі тапсырма. Мұндай тапсырма екі компоненттен тұрады: тапсырманың мәтіні және жауап нұсқалары, мұндағы дұрыс жауап – тапсырманың кілті, дұрыс емес жауаптары – дистракторлар болып табылады.

Тапсырманың мәтіні барынша қысқа бола тұрып, сұрақтың мазмұнын анық көрсетуі тиіс. Тапсырманың сауатты құрастырылуы өте маңызды. Тапсырма мәтінінің күрделі түрде берілуі тапсырманы түсінуді қиындатады. Тапсырма орфографиялық және грамматикалық ережелерді сақтай отырып құрастырылуы тиіс.

Қолдану деңгейіне берілген тапсырма

Бұл негізгі және өте маңызды тапсырмалар; олар өте қысқа немесе керісінше, бірнеше әрекеттен тұратын күрделі тапсырма болуы мүмкін. Мұндай

тапсырмалардың негізгі мақсаты – оқушыға жаңа білімді қолдану қажет болатын өмірлік жағдайға сәйкес келетін балама жағдаят тудыру. Мұндай тапсырма бірнеше нұсқа жауабы ұсынылған мәтін арқылы берілуі мүмкін. Мұнда бастысы – нақты жағдаятты сипаттау және бірнеше әрекеттің арасынан өмірде орын алуы мүмкінін таңдау.

Ойлануға берілген тапсырма

Мұндай тапсырмалар сирек кездеседі. Олар оқушының өзі тақырыпты әбден ойланып, жаңа білімін өз әрекетінде қолдану жолын дұрыс табуын көздейді. Білімін өмірде қолдану туралы ойлану өздігінен шешім қабылдап, өз таңдауын негіздей білуге мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмалар дайын жауабы көрсетілмеген ашық сұрақтар арқылы берілуі мүмкін, сұраққа оқушылар өз бетінше ойланып жауап жазады. Жауапты автоматты түрде тексеру мүмкін емес. Ойландыруды көздейтін жоғары деңгейдегі тапсырмалар оқушының оқыған материалды ой елегінен өткізіп, талдауын қажет етеді.

Жоғары деңгейдегі тапсырма әзірлеу үшін ашық сұрақтар құрастырып үйрену керек.

Ашық тапсырмалар

Ашық тапсырмалар жоғары деңгейдегі танымдық дағдыларды тексеруге, аргумент келтіре алуға, жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлай алуға және т.б. арналған. Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушылар бірнеше сөздерді, бір сөйлемді, қарапайым сызбаны немесе формуланы қолдана отырып, сұрақтарға қысқа нақты жауап беруі қажет.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда бірнеше кезеңдерден тұратын түрлі сөйлемдерді, түсініктемелерді, сызбаларды немесе дәлелдерді қолдана отырып орындауы қажет.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар нұсқаларының бірі эссе болып табылады. Эссенің көмегімен тек жазылым дағдысы ғана тексеріліп қоймайды, сондай-ақ, берілген сұрақты немесе мәселені әр түрлі көзқараста қарастыру, берілген тақырыптың түрлі аспектілерін ашып көрсету, өз көзқарасын аргумент түрінде келтіру, мәселені шешудің жолдарын ұсыну және т.б. меңгеруі тексеріледі.

Дескрипторларды құрастыру

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама.

Дескрипторлар қалыптастырушы бағалау мен бөлім бойынша жиынтық бағалауды өткізу кезінде қолданылады. Тапсырмаларды тексеру үдерісінде бөлім бойынша жиынтық бағалауда қолданылатын әр дескриптор 1 балмен бағаланады.

Дескрипторлар әрқашан тапсырмалармен қатар құрастырылады және тапсырманы орындау

кезіндегі әр қадамның сипатын болжайды. Бұл тапсырманың мазмұны бойынша сенімді және жарамды болуын, сондай-ақ басқа мұғалімдердің тарапынан да объективті, дұрыс бағалануын қамтамасыз етеді.

Тапсырмаларға сараптама:

Бағалау критерийлері оқу мақсаттарына сәйкес анықталған ба?

Бағалау критерийлері ойлау дағдысының деңгейлеріне сәйкестендірілген бе?

Тапсырмалар бағалау критерийлеріне сәйкес әзірленген бе?

Тапсырмалар ойлау дағдысының деңгейлеріне сәйкес құрастырылған ба?

Тапсырма түсінікті тілде жазылған ба?

Тапсырманың мәтінінде оның дұрыс жауабына меңзеу жоқ па?

Тапсырмаларға дескрипторлар қалай құрастырылған? Дескрипторлар тапсырманы орындау қадамдарына сәйкес келе ме?

БЖБ және ТЖБ бағалау тапсырмаларын әзірлеу ерекшеліктері

Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары	Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары
Тексерілетін бөлімнен таңдауға болады	Тексерілетін мақсат, ОДД тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификасында анық көрсетілген өзгертуге болмайды
ОМ жету үшін алынатын тапсырманың санын өзгертуге болады	ОМ жету үшін алынатын тапсырманың санын өзгертуге болады
Тапсырмалар ОМ және ОДД сәйкес құрастырылады	Тапсырмалар ОМ және ОДД сәйкес құрастырылады
ОМ жету үшін тапсырманың мазмұнын өзгертуге болады	ОМ жету үшін тапсырманың мазмұнын өзгертуге болады
ОМ жету үшін тапсырманың түрін өзгертуге болады	ОМ жету үшін тапсырманың түрін өзгертуге болады
Бөлімнің мазмұны күрделі болған сайын БЖБ-ның максималды балы жоғары болады.	Тапсырмаларға берілген балдардың қосындысы бөлімге берілген балға сәйкес болу керек
Қорытынды балды 7-ден 20-ға дейін өзгертуге болады	Қорытынды балл өзгертілмейді, ол спецификаға сәйкес болуы керек
Дескрипторларды құрастыру арқылы	Балл қою кестесі құрастырылады

орындалатын тапсырмаға беріледі	тапбалдар	
Әр орындауға көрсетілмейді. БЖБ орындау уақытын пән мұғалімі өзі анықтайды	тапсырманы уақыт	Әр тапсырманы орындауға уақыт нақты белгіленеді және балл қою кестесінде көрсетіледі. ТЖБ өткізуге 40 мин уақыт беріледі

#### Балл қою кестесі

Балл қою кестесі тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары үшін құрастырылады және жиынтық жұмыстарды тексеру үдерісінде қолданылады.

Балл қою кестесі – тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте.

Балл қою кестесі қашан, қалай балл берілетіндігін білдіретін, дұрыс (болжамды) жауаптар мен ұсыныстардың үлгілері туралы анық және нақты ақпарат ұсынатын құрал болып табылады. Әр тапсырмаларды орындаудың әр кезеңінің балдары көрсетіледі.

#### Модерация

Бағалауды стандарттау мақсатында оқушылардың жиынтық жұмыстарының нәтижелерін талқылау

үшін мұғалімдер модерация жүргізеді. Модерацияға аталған сыныптарда сол пәннен сабақ беретін мұғалімдердің барлығы қатысады. Модерация бойынша отырыста мұғалімдер балдардың балл қою кестесіне сәйкестігін талқылайды, қажет болған жағдайда ұжыммен бірлесе балл қою кестесіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді. Модерация қорытындысы бойынша балдары өзгерген оқушылардың жұмыстары қайта тексеріледі. Модерация аяқталған соң отырыстың хаттамасы толтырылады. Хаттама әдістемелік бірлестік жетекшісінде сақталады.

Бағалау -оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

Бағалауға арналған тапсырмаларды мазмұны ойлау дағдылары деңгейлеріне сай, оның күрделілігін оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құру, оқушылардың қаншалықты алға ілгерілегенін көруге, мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, яғни нақты нәтижені көруге мүмкіндік береді. Сондықтан, әр пән мұғалімі үшін, бағалауға арналған тапсырмаларды дұрыс әзірлеу мен сараптаудың маңызы өте зор.